



FTAMP 11.01.17

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-152-3-171-186>

Жаһандық трендтердің Таяу Шығыс және Орталық Азия аймағы елдеріне әсері

М. Ендібай*^{ID}, Б. Абжаппарова^{ID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: magzhanyendibay01@gmail.com, hadisha_1960@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада әлемді шарпыған жаһандық трендтердің Таяу Шығыс пен Орталық Азия мемлекеттеріне тигізген жағымсыз әсері және қауіп-қатерден қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қарастырылады. Қазіргі уақытта әлем елдері тыс қалуы мүмкін емес экономикалық дағдарыс, инфляция, жұмыссыздық, инвестицияның кетуі, Ресей мен Украина арасындағы шиеленіс, аймақтардағы қақтығыс нүктелерінің өсуі, акторлар арасындағы қайшылық т.б. проблемалардың Таяу Шығыс пен Орталық Азияға ықпалы талданады. Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы бүгінгі белгілі және алдағы уақытта өзінің ареалын кеңейтуі мүмкін пассивті қауіп-қатерлер де мақаланың өзегіне айналып, байыпты талдау жасалады. Соңғы уақыттағы Израиль мен Палестина арасындағы жағдайдың бұрынғыдан бетер шиеленісуі, сонымен қатар, әлем көз тіккен Газа секторындағы Израильдің әскери операциясының белсенді сипат алып, ұлғаюы, тараптар арасының ушығуы қарастырылады. Сондай-ақ, Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдеріндегі аймақтық үрдістерге сыртқы акторлардың әсері талданады.

Түйін сөздер: Таяу Шығыс, Орталық Азия, жаһандық трендтер, аймақтық үрдістер, терроризм.

Кіріспе

Аймақтардың ғана емес, жалпы әлемнің дамуына, өзгеріске түсуіне ықпал етуі мүмкін жаһандық трендтер Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдерінің қазіргі уақыттағы даму үдерісіне ғана емес, келешегіне де ықпал етеді. Әлемдік саясат пен экономикада қазіргі уақытта күтпеген бұрылыстармен қатар жүретін саяси-экономикалық, әлеуметтік процестер қарқынды түрде жеделдеуде. Түсініксіз, қауіпті нәтижелері болуы мүмкін өзгерістердің күшті толқыны елдердегі тұрақтылыққа әсер етуде.

Жаңа әлемдік тәртіптің баяу, ауыр қалыптасуы [1], аймақтарда белгісіздіктің ұзақ кезеңінің өсуі [2], инфляцияның шарықтауы [3], кедейлену үрдісінің жыл сайын өсуі

Түсті: 10.02.2025; Мақұлданды: 25.09.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

171

¹хат-хабарға жауапты автор

артып келеді [4]. Әлемді шарпыған пандемиядан соң, Ресей мен Украина арасындағы жағдайдың ушығып соғысқа ұласуы, тараптар арасындағы шешілуі қиын түйінді шиеленістірумен қатар, аймақтық, әлемдік дағдарысты күшейтті [5]. Бұл энергиялық ресурстарға бағаның көтерілуі [6], шағын және орта бизнестің дағдарысқа түсуі [7], жұмыссыздар қатарының артуы [8], инвестицияның кетуі [9], әлем аймақтары елдеріндегі ішкі тайпалық немесе мүдделі күштердің қақтығысының ушығуымен т.б қатар жүрді. Бұл кез келген аймақта, кез келген уақытта тууы мүмкін биліктің ауысуы мен әлеуметтік дүмпу қауіпін күшейтті [10].

1-диаграмма. Елдер бойынша инфляция (2023 жыл мамыр)



Сондай-ақ, әлемдік даму үрдісіне ықпал еткен жаһандық трендтер ықпалы айқын сезіле бастады. Мәселен, Pew Research Center (2024) жүргізген сауалнама нәтижесіне сәйкес, 31 елдің респонденттерінің 54%-ы демократиялық жүйеге көңілі толмайтынын білдірген. Бұл – халықаралық деңгейде де қоғамдық сенімнің әлсіреуін айқындайтын маңызды көрсеткіш [11]. Қытай мен Үндістан экономикасының, әскери потенциалының одан әрі көтерілуі [12], Ресейдің әлемдік аренадағы жағымсыз белсенді рөлі [13], нақты қатысуды арттыру кезінде АҚШ-тың Трамп билігі тұсында оқшаулануы, ал Байденнің билікке келуімен бірге, әлемдік саясат пен экономикада АҚШ белсенділігінің қайта артуы [14] және аталғандардың аймақ елдеріне жағымды немесе жағымсыз әсері де нақты көрінді.

Сонымен қатар Еуропалық Одақта да ішкі қайшылықтардың өсуі, әлеуметтік мәселелер шиеленісуі, элиталық дағдарыс, даму үрдісінде ортақ, бірегейліктің жолдарын іздеу және жағымсыз тенденция айқын көрініс тапқан этно-ұлтшылдықтың жаңа өрлеуі байқалды. Туып отырған проблемаларының негізгі тенденциясын терең зерттеп, шешуін табуға, дәлелденген фактілерге қол жеткізуге уақыт қажет болды. Бірақ, әлемдік аренадағы күштердің тез өзгеретін арақатынасы анық байқалды. Мысалы: Қытайдың Ресейді қолдауының бәсеңдеуі. «Пекин Ресейдің Украинаға басып кіруін қолдамайды, оған

қару бермейді және Ресейдің Қырым мен Донбассты қоса алғанда, территорияларды аннексиялау әрекеттерін мойындамайды, деді Қытайдың Еуропалық Одақтағы елшісі Фу Цун The New York Times газетіне берген сұхбатында» [15].

Жаһандық трендтер көптеген мамандар атап өткендей, Таяу Шығыс пен Орталық Азия аймағының даму үрдісі мен таңдау бағдарына, саяси-экономикалық тенденцияға әсерін тиігізуде.

Қазіргі кезеңде мегатрендтердің негізгі жиынтығының жекелеген елдердегі жағдайға әсер етуі және жалпы өңірлердің дамуына жағымды немесе жағымсыз ықпалын зерттеу, түсіну өте маңызды сипат алды. Олардың қатарына: қазіргі уақытта мемлекеттердің өсіп келе жатқан сыртқы және ішкі сын-қатерлерін, вестфальді жүйеден кейінгі әлемдегі егемендіктің эволюциясын, халықаралық қатынастарды одан әрі аймақтандыру және жергілікті ойыншылардың рөлінің күшеюін, гибридтік құбылыстарда қолданылатын бұрыннан белгілі ұғымдардың бұлыңғырлығы мен тұрақсыздығын атауға болады.

Бүгінгі күні әлем трансшекаралық терроризмнің өсіп келе жатқан қаупімен, қақтығыстардың одан әрі әртүрлі форматтаушығуымен, эволюциялық дамудың сақталуы аясындағы шиеленістердің өсуімен, Таяу Шығыс пен Орталық Азия қоғамдарындағы қазіргі заман, дәстүр және архаиканың өзгеріп отыратын арақатынасымен бетпе-бет келіп отыр [16].

Сонымен қатар, жас тәуелсіз мемлекеттерінің алдында жаңа проблемалар туды. Халықаралық қатынастар жүйесінде олардың егемендігі мен тәуелсіздігі мойындалып, БҰҰ мүше болғанымен ірі акторлар тарапынан әртүрлі сипатта қысым туды. Себебі, аймақтардағы тұрақсыздық немесе белгісіздік факторы жағдайында әлемді территориялық қайта құру конфигурациясы маңызды трендке айнала бастады. Картада ішінара танылған мемлекеттер пайда болып сепаратистік тенденциялар мен оқшаулануға ұмтылыс күшейеді. Украинаның шығысында Ресейдің тікелей қолдауымен сепаратистік Донецк Халық Республикасы және Луганск Халық Республикасы пайда болды [17]. Бұл қалыптасқан егемендік, тәуелсіздік, дербестік, шекараға қол сұқпау принципін бұзды [18].

1-сурет. Ресейдің арнайы операция негізінде тәуелсіздік алған аймақ



Мамандар пікірінше, бірқатар аймақтық акторлар, күшті мемлекеттер сол аймақтың өзінде тұрақсыздық тудырушы күшке, факторға айналды.

Сепаратистік тенденциялар және олардың кейбір акторлар тарапынан қолдау табуы, унитарлы мемлекеттер үшін қауіп көзін тудырды. Таяу Шығыстағы мемлекеттіліктің әлсіреуі жергілікті сәйкессіздіктер импульстарының нәтижесі және себебі болды.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу объектісі аясында қазіргі уақыттағы жаһандық трендтерді айқындау және олар аймақтық акторлар Таяу Шығыс пен Орталық мемлекеттерінің даму үрдісіне қалай ықпал етеді. Жағымды және жағымсыз тенденциялардың әсерін көрсету арқылы талдау жасау мен оның келешегіне болжам жасау мақсаты қойылды.

Ғылыми мақалада контент талдау, ивент талдау, Дельфи әдісі, SWOT талдау, тарихи тәсіл және хронологиялық тәсіл т.б. кеңінен қолданылады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Таяу Шығыста да сыртқы күштердің тарапынан аймақтар ісіне тікелей немесе жанама түрде араласу тенденциясы байқалып отыр. «Жұмсақ формада» олар Сирия мен Ливия қақтығыстары аясында көрінді [19]. Мұнда мемлекеттің аумақтық тұтастығын ресми түрде бұзбайтын федерализация мемлекеттік құрылымның бір нұсқасы ретінде қарастырылуда. Алайда, әлсіз мемлекет жағдайында бұл модельдің тиімділігі туралы мәселе даулы, қайшылықты. Себебі, әлсіз мемлекеттегі ықпалды факторлар орталықпен толық деңгейде санаса бермейді. *Women* және әріптестері (2024) атап өткендей, көптеген елдерде халық климаттық саясатты күшейтуді қолдайды, ал саяси элита оған қарсы позиция ұстанады. Бұл саясаткерлер қоғамдық сұранысты елемейтінін дәлелдейді [20].

Ал, мұндай жағдай аумақта тұрақтылықпен қауіпсіздікті орнатуға мүмкіндік бермейді.

Сонымен қатар, аймақтық күштердің нақты тепе-теңдігі жағдайында әртүрлі орталықтандырылмаған бөліктер басқа факторлар ықпалына түсуі мүмкін. Әрі ол аймақтағы тұрақсыздық факторына айналуы да мүмкін.

Иракта неғұрлым «қатаң түрде» автономиядан тәуелсіздік жариялауға ұмтылу күрд мемлекетін қалыптастыруы мүмкін деген пікір басым. Дегенмен, күрд мемлекеттілігінің құрылуына қатысты қарсы тараптардың айқын наразылығы болатыны да белгілі [21].

Палестина мәселесін шешу – бұл да тәуелсіз мемлекет құруды және тиісінше басып алу контекстінде қалыптасқан ассиметриялық өзара тәуелділік моделін толығымен қайта форматтауды көздейтін қауіпті нұсқа болып отыр. Қазіргі уақытта Газа секторына қатысты Израиль тарапынан жасалып отырған арнайы операция, мәселенің шешілуін емес, қайта тараптар арасындағы жағдайды одан әрі шиеленістіре түседі ме деген қауіп те бар [22].

Орталық Азия мемлекеттері де жергілікті аймақтық және сырттан төнуі мүмкін қауіп әсерін сезінеді. Бірақ мемлекеттіліктің және оның территориясының тарихи себептерге байланысты КСРО-да бірнеше «редакциялануы» салыстырмалы түрде

берік жүйені қалыптастырмағанын атау маңызды. Сонымен бірге, аймақ елдерінің шекаралық бөлінуіне қатысты дүркін-дүркін, дау-дамайдың іргетасы болуы мүмкін пікірлерде бұқаралық ақпарат құралдарында көтерілуде. Сыртқы факторлар тарапынан территориялық шағым, дау-дамайдың туу қауіпін, әрі ішкі кландық күштер дүмпүлері тууын ешкім жоққа шығармайды.

Аймақ мемлекеттерінің ішіндегі ұзақ жылдар бойы биліктің төңірегінде қалыптасқан күштердің өз ықпалын сақтауға ұмтылуы да әр түрлі сипатта көрінуде. Қазақстандағы «қанды қаңтар» бейбіт наразылықтың кландық билікке ұмтылудың қарулы сценарийіне ұлысқанын көрсетті.

Ал, Өзбекстан мен Қырғызстан, Тәжікстан – Қырғызстан арасындағы ішкі аймақтық, территориялық бөліну мен жікшілдік жаңа қақтығыстарды тудыруда. Әсіресе, қырғыз-тәжік қақтығысы алдағы уақытта да ушығып кетуі мүмкін. Соңғы рет, 2022 жылдың 14 қыркүйегінде Тәжікстанның Исфара және Бободжон Гафуров аудандары мен Қырғызстанның Баткен облысы шектескен тұста, қырғыз-тәжік қақтығысы басталып, көп ұзамай Тәжікстанның Лахш ауданы мен Қырғызстанның Ош облысы арасындағы шекараға ұласқан.

Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы 970 шақырым шекараның басым бөлігі әлі күнге нақты белгіленбеген. Осыған байланысты екі ел халқы мен шекарашылары арасында су мен жерге байланысты жиі қақтығысып келеді [23].

Шекарада әлі күнге дейін делимитация мен демаркация жасалмауы бұл аймақтың келешекте де қақтығыс ошағы ретінде қалу мүмкіндігін арттырады. Картада қақтығыс нүктесі көрсетілген [24].

2-сурет. Тәжікстан мен Қырғызстан арасындағы шекара мәселесі



Мегатрендтердің әрекеті аясында Таяу Шығыс пен Орталық Азия аймағында да дамуды бағдарлау процесі айқындалып, қауіпсіздік жүйесін жетілдіру қажеттілігі артауда. Алайда, шиеленістердің өсуін батыстық немесе шығыстық модельдің дағдарысы деп қабылдамау керек. Бірақ өркениеттер арасындағы және олардың даму бағдары

арасындағы қақтығыстардың өршуін жоққа шығаруға да болмайды. Ал, шығыс державаларының экономикалық әлеуеті мен қаржылық мүмкіндіктерін нығайтуы оларды батысқа балама, әрі қуатты бәсекелестерге айналуына мүмкіндік тудырып отыр.

Дегенмен, әлемдік және аймақтық ахуалды барлық параметрде сараптасақ, әлемдік экономика мен халықаралық жүйені дамыту орталығы батыстан біртіндеп, баяу да болса Шығыс Азия бағытына ауысуы мүмкін [25]. Дәл осы аймақта өсіп келе жатқан нарықтарға, экономикалық өсудің әсерлі динамикасына, адами капиталдың қуатты энергиясына, тартылған жаһандық экономикалық акторларға тікелей байланысты.


Сонымен қатар, қауіпсіздікке төнуі мүмкін қатерлер: терроризм, этно-конфессиялық қақтығыстар, ядролық қарудың таралуы аймақтарда өз мәнін жоғалтқан жоқ. Сонымен қатар, территориялық даулар белгілі уақыт аралығында тараптардың бірі үшін маңызды факторлар есебінен баяулауы немесе белгілі бір уақыт мерзіміне дейін кейін шегерілуі мүмкін.

Шығыстың ықпалының күшеюі экономикалық гиганттардың (Жапония, Қытай, Үндістан) ғана емес, позициясы халықаралық қатынастарға әсер ететін әлдеқайда қуатты аймақтық мемлекеттердің әлемдік аренаға шығуымен де байланысты. Биполярлық әлем болмаған жағдайда, аймақтық ойыншылар ықпалының артуына әкелетіні белгілі. Таяу Шығыста Түркияның, Иранның, Сауд Арабиясының ықпалы саясат пен экономикада және мәдени салада арта түсуде.

Аймақтарда қақтығыстардың өршіп, тыныштықтың жоғалуы мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген ұмтылысын арттырды. Дәстүрлі қақтығыстардың, тараптар арасындағы соғыстың да өз мәнін өзгертуі қауіпсіздіктің жаңа форматын қалыптастыру мәселесін күн тәртібіне қойды.

Түркияның қашықтықтан басқарылатын және автономды ұшу операцияларын орындай алатын, орташа биіктікте ұзаққа шыдайтын, ұшқыссыз ұшатын әуедегі соғыс аппараты Байрактарға (Bayraktar) сұраныс өсіп, экспорттық әлеуеті арта түсті. Нәтижесінде 2023 жылы Bayraktar шығаратын Baykar компаниясы болжанған межеден асып түсіп, 1 млрд 766 млн доллардың ұшқыссыз ұшу аппаратын экспорттады [26].

2-диаграмма. Түркияның ұшқыссыз ұшу аппараттарының экспортты



Жаһандық трендтердің өсуі жағдайында аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен тұрақтылықты сақтауға мүдделілік артып, мүдделі тараптар жаңа қару түрлерімен жарақтана бастады.

Сондай-ақ, халықаралық қатынастарға әсері жоғары Израиль де өз қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жолдарын іздестіруде. Палестина мәселесі, Газа секторына қатысты мәселенің ушығуы тараптар арасындағы жағдайды шиеленістірді. ХАМАС (Ислам қарсылық қозғалысы) Израиль блокадасы жағдайында олардың қысымына төтеп беру қиыншылығына душар болды және Газа секторы тұрғындарының өткір мәселелерін шеше алмады. БҰҰ кезекті есебінде Газа секторы тұрғындарына қатысты денсаулық сақтау, экология және жұмыспен қамтамасыз етілу мәселесі қаралды. Онда, Газада жан басына шаққандағы нақты ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) қысқарғаны, медициналық көмекке сұраныстың артып отырғаны, бұл салада да қызмет көрсетудің төмендегені айтылды. Газадағы жалғыз ғана тұщы су көзінің сарқылғаны, су және электрмен қамтамасыз етуде іркілістер болып қиындық туды. Газада электр энергиясына сұраныс 450 МВт болса, небәрі 90 МВт қана қамтамасыз ете алды. Осы әлеуметтік жағдайдың нашарлауы, Израильмен ара қатынасты одан сайын ушықтырды [27, 163-б.].

Таяу Шығыстағы екінші эшелондағы ықпалды Египет, Иордания, Парсы шығанағы елдері де аймақта тұрақтылықты сақтау мен өз позициясын нығайтуға мүдделі. Бірақ аймақ мемлекеттері Сауд Арабиясы мен Иран, Ирак пен Түркия, Катар мен Сауд Арабиясы арасындағы, сонымен қатар, АҚШ пен Иран, Түркия мен күрд өзін-өзі қорғау күштері арасындағы және этникалық, конфессиялық топтар арасындағы шиеленіс аймақтың тұрақтылығын қалыпты деңгейге келтіруге қиындық тудырды [28, 68-б.].

Таяу Шығыста, сонымен қатар, Орталық Азия аймағының Өзбекстан – Қырғызстан, Қырғызстан – Тәжікстан мемлекеттері арасында өзара сенім мен шиеленісті реттеу механизмінің қалыптаспауы тұрақтылықтың орнауына кедергі келтіруде. Күшті акторлар арасындағы шиеленісті реттеу құралы ретінде қазіргі уақытта қару-жарақ бәсекесі алдыңғы орынға шықты. Таяу Шығыс пен Орталық Азияға мүдделі ірі акторлар Қытай мен Үндістан қару сатып алуды жыл сайын арттыруда. Осындай ірі акторлардың іс-әрекеті аймақ елдерін қарулануға итермелейді [29, 63-б.].

Постбиполяры кезеңде Орталық Азия мемлекеттері халықаралық үрдісте жаһандық және аймақтық бәсекелесуші күштердің мүдде тоғысында қалды. Осындай жағдайда аймақ елдері қандай да болмасын әлемдік немесе аймақтық орталықтардың ықпалында қалып қоймас үшін, аймақта бір-бірімен бәсекелес күштермен жақсы қарым-қатынасын сақтау мақсатында, мүмкіндігінше олармен арақашықтық ұстауға тырысты. Өздерінің осындай сыртқы саясаттағы позициясын орталықазиялық мемлекеттер «көпвекторлық» бағыт деп санады [28, 158-б.].

Орталық Азияда аймақтағы неғұрлым ашық және серпінді ел ретінде көшбасшылық позицияда Қазақстанның ықпалы басым. Қазақстанның саяси белсенділігі, оперативтілігі, реакциясы мен іс-қимылы басқа аймақтық күштермен салыстырғанда жоғары. Посткеңестік кеңістіктегі қақтығыстардағы Қазақстанның ара ағайындығы, оның Сирия қақтығысын реттеу үшін Астана форматын ұйымдастыруы, көптеген аймақтық және жаһандық бастамалары елдің жағымды имиджін қалыптастырды.

Орталық Азияда Өзбекстанның да позициясы орнықты. Мамандар пікірінше, Өзбекстанның орасан зор әлеуеті оның ұзақ уақыт бойы сыртқы әлем үшін жабық болуына, шамадан тыс консерватизмге байланысты әлі толық ашылған жоқ. Алайда басталған реформалар Ташкент аймақтық және әлемдік аренада тартымдылықтың маңызды орталығына айналуы мүмкін деп пайымдауға негіз береді. Өзбекстан да аймақтағы ықпалды фактор ретінде өз аумағы көлемінде тұрақтылықты орнатып, қауіпсіздігін қамтамасыз етуде батыл шаралар жүргізуде. Сонымен қатар, сыртқы әлемге ашық болып, барлық салада жаңашылықты қабылдауға ұмтылуда. Мамандар елдің даму үрдісін тежейтін консерватизмді батыл сынауға көшті. «Жаңашылдықты қабылдамайтын консервативті адамдар жаңа идеяларға, өзгерістерге бейімделгісі келмейді. «Руханият» терминінің артында біз әртүрлі идеялардан жабылдық. Осындай жасанды кедергілердің нәтижесінде шығармашылық пен еркін ойлау төмендейді. Руханилық сылтаумен қатаң цензура қолданылады, идеялардың әртүрлілігі тежеледі, яғни консервативтілік мәселесі қоғамды шығармашылық дағдарысқа әкеледі. Бұл шығармашылық дағдарыс өнердің дамуына ғана емес, сонымен қатар шығармашылық стартаптардың пайда болуына да кедергі келтіреді» деген еркін пікірлер айтылды [30]. Дамыған елдердің ашықтығын, даму идеяларын жаңа тренд ретінде қабылдай бастады.

Өзбекстан әлем елдерінің жағымды имиджін қалыптастырған идеялар мен инновацияға бет бұрды. Жаңа Өзбекстанның 2022-2026 жылдарға Даму стратегиясын белгіледі. «Даму стратегиясында айқындалған өңірлерді кешенді әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі міндеттер шеңберінде өңірлермен жұмыс істеудің жаңа тәртібі белгіленсін, оған сәйкес: жыл сайын өңірлер бөлінісінде өңірлерді кешенді әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған бағдарламалары негізінде барлық аудандар мен қалалардың проблемалары мен мүмкіндіктерін терең зерделей отырып, Даму бағдарламалары әзірленеді» – деп жазылды [31].

Қырғызстан ішкі және сыртқы тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесіне назар аударуда. Сонымен қатар, елде бірнеше рет биліктің ауысуына алып келген халық наразылығының себептерін, мақсаты мен міндеттерін әр түрлі параметрде қарастырып, елдің келешегі үшін оның әсері мен маңызы қандай деген сұрақтардың жауабын іздеуде [32].

Шығыс пен Батыс екеуі үлкен фрагментацияда өзара қарым-қатынас орнатып әрекеттескендігімен, қазіргі әлемде өзара тәуелділіктің өсуіне қарамастан, тараптар арасында антагонизмнің элементтері сақталғандығы байқалады. Ақпараттық ағындар, алмасулар, сауда, коммуникациялар арқылы әлемді біртұтас ететін жаһандану, халықаралық еңбек бөлінісі, тараптар арасында сұраныс пен тапсырыстардың артуына қарамастан оны бірдей етпеді, керісінше терең мәдени айырмашылықтарға әкелді.

Қазіргі халықаралық қатынастар құрылымының ерекшелігінде аймақтану күшейіп барады. Жетекші елдердің ықпал ету аймақтары қалыптасуда. Ол Еуропада, Америкада және Азияда әртүрлі жолдармен көрінеді. Аймақтану үрдісінде өз тәуелділігі мен дербестігін сақтауға ұмтылу бірқатар мемлекеттердің оқшаулануға қадам жасау мүмкіндігін арттыруы ықтимал. Радикалды еуропалық аймақтану жекелеген мемлекеттер тарапынан оқшаулануға әкелуі мүмкін деген қауіп бар. Мысалы, Ұлыбританияның саясатына наразы акторлар арасында.

Оқшаулануды қолдайтындар «Англия еуропалық ел емес және оның континент мемлекеттерімен ортақ мүдделері жоқ» деген ұстанымда болса, ал Эмери «ағылшындар француз және неміс сияқты еуропалық патриот бола алмайды; ол өзін еуропалық идеяға арнай алмайды» деп жазды [33].

Осы тұрғыда Таяу Шығыс және Орталық Азия аймағы елдерінде интеграциялық үрдісті шектеп, белгілі бір деңгейде Ұлыбритания секілді оқшаулану байқалуы мүмкін бе деген сұрақ туады. Ұзақ уақыт бойы консервативті позицияның басымдылығы байқалып, сыртқы әлем үшін біршама жабық саналған Өзбекстанның сыртқы саясатында өзгеріс байқалғанымен, Түркіменстан әлі де әлемдік және аймақтық ықпалды күштерден өзін оқшау ұстайды.

Қорытынды

Қазіргі уақытта жаһандық трендтер Таяу Шығыс пен Орталық Азия аймағы елдеріне әр түрлі деңгейде, оның ішінде жағымды және жағымсыз факторлар форматында әсер етуде. Экономиканы модернизациялау, даму моделін жаңғырту, реформалау, қоғамдық өмірдің ашықтық бағдарын ұстануы аймақтарда жағымды өзгерістер туғызатынын теріске шығаруға болмайды.

Сонымен қатар, исламның саясиленуі, діни радикализм, фанатизм қауіпінің өршуі жаңа экстремистік, террористік актілер қатарына туу ықтималдылығын арттырады. Жалпы Орталық Азияда исламның діни және саяси феномен ретінде ықпалы артуы мүмкін. Бірақ, ол аймақтың зайырлы қоғамы қалыптасқан мемлекеттерде радикалды түрде саясиленуі сипат алмайды деп санаймыз.

Әлемдегі ірі факторлар арасындағы бәсекелестік, әртүрлі деңгейдегі қайшылықтардың тереңдеуі, Ресей мен Украина арасындағы шиеленіс, Ресейге батыс елдерінің санкция салуы Таяу Шығыс және Орталық Азия елдеріне барлық салада дипломатиялық, саяси, экономикалық және мәдени байланыстарына әсер етеді.

Аймақ елдері, әсіресе Орталық Азия мемлекеттері тараптар арасындағы шиеленісті жағдайға сәйкес мүмкіндігінше бейтарап болуға, көпвекторлы саясат ұстануға тырысады. Дегенмен, Орталық Азия елдері Ресеймен де және әлем мемлекеттерімен тұрақты саяси-экономикалық, мәдени қарым-қатынасын сақтауға мүдделі.

Сондай-ақ, сырттан енуі мүмкін транзитті жағымсыз факторларға: терроризмге, экстремизмге, заңсыз миграцияға, адам саудасы, есірткі тасымалдауға, қару-жарақ саудасы және т.б. жол бермеуге тырысады. Жұмыссыздықтың артуы, кедейленудің өсуі, инфляцияның шарықтауына қарсы шаралар қолдануы анық.

Қазіргі уақытта, аймақ елдері жаһандық жағымсыз тренддер әсерін болдырмауға, бәсеңдетуге мүдделі бола отырып, керісінше, мүдделі әлем елдерімен интеграцияны тереңдетуді, инвестиция тартуды, инновацияны енгізуді, трансұлттық компаниялармен тәжірибе алмасуды қалайды. Earth4All (2024) зерттеуінде көрсетілгендей, әлемнің 22 еліндегі респонденттердің басым бөлігі халықаралық деңгейдегі демократиялық тетіктерді – БҰҰ Парламенттік Ассамблеясы немесе жаһандық сауалнамалар сияқты – қолдайды. Бұл қазіргі қоғамның ғаламдық саяси үдерістерге тікелей қатысуға бейімділігін байқатады [34].

Өзбекстан экономикалық өсуді жеделдетуге, халықаралық қатынастарды кеңейтуге және тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) үшін қолайлы құқықтық жағдайлар жасауға бағытталған кешенді экономикалық және әлеуметтік реформалар жүргізуде. Елдің стратегиялық географиялық жағдайы, бай және алуан түрлі табиғи ресурстар және 33 миллион халқы бар маңызды ішкі нарық инвестициялар мен өсудің үлкен әлеуетін білдіреді. Өзбекстан үкіметі бизнесті дамытуды ынталандыру және өз азаматтарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында заманауи технологияларды енгізу мақсатында ТШИ ұлғайтуға басымдық береді.

«Өзбекстан Халықаралық іскерлік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі бола бастағанымен, шетелдік инвестицияларды тартудың құндылығын асыра бағалау мүмкін емес және біз шетелдік инвесторларды Өзбекстанда өздерін қалаулы және сенімді сезіну үшін барлық қажетті қадамдарды жасауға бел будық», - деді Әділет министрі Русланбек Давлетов [35].

Бірақ, жаһандық трендердің аймақ елдеріне әсері байқалуда. Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінде халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуі, халықтың кедейленуі, жұмыссыздар қатарының өсуі, инфляция, тұрмыста қажетті бірінші кезектегі тауарларға бағаның өсуі, экспорттың баяулауы, импортқа тәуелділік, ішкі қорларды жұмсау, мемлекет қарыздарының өсуі т.б. тенденциялар алдыңғы орынға шықты.

Мысалы, 2023 жылы қаңтарда Қазақстанның алтын қоры 380,4 тонна болса, 2024 ж 5 қаңтарда 304,3 тонна болды. Алтын қоры бір жылда 76,1 тоннаға азайды. Сонымен қатар, Қазақстанның сыртқы қарызы 2022 ж соңына қарай 160,6 млрд болса, бір жылда \$1,3 млрд-қа артып, \$162 млрд-қа жетті [36].

Сонымен қатар, аймақ елдеріндегі тұрғындардың әлеуметтік жағдайының төмендеуі – қарыз алуға немесе несие алуға мәжбүр етуде. Қазақстандықтардың үштен бірінен астамы жалақыдан жалақыға дейін табысын жеткізе алмай қарыз алады немесе кредит алады. Нақтырақ айтсақ, 38,9% басқалардан қарыз алса, 35,9% кредит алады екен [37].

Әрине, жаһандық трендтер жағымды немесе жағымсыз түрде көрінеді. Олар кеңістікте диффузияланады, аймақтық үрдістерге әсер етеді. Жағымды трендтер әсері дамуға, динамикаға жағымды әсер етсе, жағымсыз трендтер қауіпінің алдын алу, одан қорғану аймақ елдері мен тұрғындары үшін маңызды. Бұл Таяу Шығыс және Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің билігі алдына күрделі міндеттерді қояды.

Авторлардың қосқан үлесі.

Ендібай М. – зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық негізді қалыптастыру;

Абжаппарова Б. – қорытынды, ұсыныстар және редакциялау жұмысы; талдау және статистикалық деректермен жұмыс.

Әдебиеттер тізімі

1. Тимофеев И. Новая анархия? Сценарий динамики мирового порядка. Доступно по ссылке: <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/novaya-anarkhiya-stsenarii-dinamiki-mirovogo-poryadka/> (дата обращения: 01 февраля 2025 г.).

2. Рейтинг стран по уровню инфляции за год. Доступно по ссылке: <https://take-rofit.org/statistics/inflation-rate/> (дата обращения: 01 февраля 2025 г.).
3. Блиничкина, Н.Ю., Ходжаев, З.К. Бедность как глобальный феномен: проблема и последствия. Доступно по ссылке: <file:///C:/Users/USER/Downloads/bednost-kak-globalnyu-fenomen-problema-i-posledstviya.pdf> (дата обращения: 01 февраля 2025 г.).
4. Что продолжающаяся глобальная неопределенность значит для вас. Доступно по ссылке: <https://www.imf.org/ru/Blogs/Articles/2021/01/19/blog-what-the-continued-global-uncertainty-means-for-you> (дата обращения: 02 февраля 2025 г.).
5. Российско-украинский конфликт: будущее глобальной безопасности. Доступно по ссылке: <https://ru.valdaiclub.com/a/highlights/budushchee-globalnoy-bezopasnosti/> (дата обращения: 03 февраля 2025 г.).
6. Гончаренко Р. Россия против Украины. Как дело дошло до большой войны. Доступно по ссылке: <https://www.dw.com/ru/rossija-i-ukraina-kak-oni-okazalis-na-poroze-bolshoj-vojni/a-60223489> (дата обращения: 03 февраля 2025 г.).
7. Тихонов С. Почему рост цен на электричество стал угрозой для Европы. Доступно по ссылке: <https://rg.ru/2022/08/21/sorvalis-s-seri.html> (дата обращения: 05 февраля 2025 г.).
8. Как малый и средний бизнес пытается выжить в условиях ограничений. Доступно по ссылке: <https://www.vedomosti.ru/management/articles/2022/03/13/913264-predprinimaet-malii-srednii-biznes> (дата обращения: 06 февраля 2025 г.).
9. Безработных в мире станет больше на 3 млн человек 2023 году – МОТ. Доступно по ссылке: https://www.inform.kz/ru/bezrobotnyh-v-mire-stanet-bol-she-na-3-mln-chelovek-v-2023-godu-mot_a4031860?ysclid=lsoicfw1rd801299627 (дата обращения: 06 февраля 2025 г.).
10. Маркелов Р. О чем говорит высокий отток капитала из России. Доступно по ссылке: <https://rg.ru/2022/01/25/o-chem-govorit-vysokij-ottok-kapitala-iz-rossii.html> (дата обращения: 01 февраля 2025 г.).
11. Инфляция по странам - май, 2023 г. Доступно по ссылке: <https://economy.kz/ru/Mnenija/id=193> (дата обращения: 01 января 2025 г.).
12. Wike, R., Fetterolf, J. Pew Research Center. Available via the link: <https://www.pewresearch.org/global/2024/06/18/satisfaction-with-democracy-has-declined-in-recent-years-in-high-income-nations/> (Accessed: 08 February 2025).
13. Индия мечтает стать главной силой мировой экономики. Как конфликт Китая и США поможет ей в этом? Доступно по ссылке: <https://lenta.ru/articles/2023/05/22/ind/> (дата обращения: 08 февраля 2025 г.).
14. Куприянов, А. Индия и Китай: игра с нулевой суммой. Доступно по ссылке: https://www.imemo.ru/index.php?page_id=1248&file=https://www.imemo.ru/files/File/magazines/meimo/06_2020/14-KUPRIYANOV.pdf (дата обращения: 08 февраля 2025 г.).
15. Опрос: в мире преобладает негативный взгляд на Россию и Путина. Доступно по ссылке: <https://www.svoboda.org/a/29643026.html> (дата обращения: 08 февраля 2025 г.).
16. Advocacy Group Urges Biden to Strengthen US Role on Human Rights. Available via the link: https://www.voanews.com/a/usa_advocacy-group-urges-biden-strengthen-us-role-human-rights/6200696.html (Accessed: 08 February 2025).
17. Посол Китая в ЕС заявил, что Пекин не признает Крым и Донбасс российскими, а заявления о «безграничной дружбе» с Москвой – риторика. Доступно по ссылке: <https://www.currenttime.tv/a/kitay-rossiya-ukraina/32350757.html> (дата обращения: 08 февраля 2025 г.).

18. Политика борьбы с терроризмом Ближнем Востоке и в Северной Африке? Позиция региона. Февраль 2022. Доступно по ссылке: <https://international-review.icrc.org/ru/articles/counterterrorism-policies-in-the-middle-east-and-north-africa-916> (дата обращения: 08 февраля 2025 г.).

19. The Russia-Ukraine War: Impacts on Regional and International Security. Available via the link: https://www.cebri.org/revista/en/artigo/47/the-russia-ukraine-war-impacts-on-regional-and-international-security?utm_medium=organic&utm_source=yandexsmartcamera (Accessed: 10 February 2025).

20. Syria and Libya: Two paths to freedom. Available via the link: https://www.bbc.com/russian/international/2012/03/120316_libya_syria_analysis (Accessed: 10 February 2025).

21. Bouman, T., Steg, L., Dietz, T. (2024) Climatic Change. Available via the link: <https://link.springer.com/article/10.1007/s10584-024-03598-6> (Accessed: 10 February 2025).

22. In Iraq, the Kurds Are Their Own Worst Enemy. Available via the link: <https://www.washingtoninstitute.org/policy-analysis/iraq-kurds-are-their-own-worst-enemy> (Accessed: 07 February 2025).

23. Послевоенное устройство Газы: США и Израиль разошлись во мнениях. Доступно по ссылке: <https://ru.euronews.com/2024/01/19/israel-hamas-update> (дата обращения: 08 февраля 2025 г.).

24. Қырғыз-тәжік қақтығысы: Бішкек 59, Душанбе 32 адамы өлгенін хабарлады. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.azattyq.org/a/32040419.html> (қаралған күні: 11 ақпан 2024 ж.).

25. Trends shaping the future: Arising Asia. Available via the link: <https://www.juliusbaer.com/en/insights/future-insights/arising-asia/trends-shaping-the-future-arising-asia/> (Accessed: 07 February 2025).

26. 2023 - год большого успеха в экспорте турецкой оборонной промышленности. Доступно по ссылке: <https://www.yenisafak.com/ru/technology/15550> (дата обращения: 08 февраля 2025 г.).

27. Звягельская, И. (2019) Ближний Восток и Центральная Азия. Глобальные тренды региональном исполнении. Москва: «Аспект Пресс», с. 224.

28. Страны и регионы мира в мировой политике (2021). Москва: «Аспект Пресс», с. 368.

29. Михайленко, Е.Б. (2021) Регионалистика. Классические и современные подходы. Москва: Издательство Юрайт, с. 116.

30. Консерватизм в Узбекистане, тренд «валить из страны». Доступно по ссылке: <https://kun.uz/ru/news/2021/04/27/konservativizm-v-uzbekistane-trend-valit-iz-strany-i-potrebnost-v-intellektualnyx-sentraх-beseda-s-firuzom-allayevum> (дата обращения: 08 февраля 2025 г.).

31. Указ Президента Республики Узбекистан «О Стратегии развития Нового Узбекистан на 2022-2026 годы. Доступно по ссылке: <https://lex.uz/ru/docs/5841077> (дата обращения: 10 февраля 2025 г.).

32. Апрельская народная революция: уроки истории и взгляд будущее Кыргызстана (2011). Бишкек: Бийиктик, с. 172.

33. Политика изоляционизма и нейтралитета. Доступно по ссылке: https://diphis.ru/politika_izolyacionizma_i_neutraliteta-a683.html (дата обращения: 08 февраля 2025 г.).

34. Ipsos. (2024). Earth for All 2024 сауалнамасы: Саяси және экономикалық өзгерістерге деген қатынас бойынша G20+ елдеріндегі жаһандық баяндама. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://earth4all.life/news/global-public-pulse-earth4all-survey-2024/> (қаралған күні: 11 ақпан 2024 ж.).

35. Увеличение иностранных инвестиций в Узбекистане. Доступно по ссылке: <https://www.usaid.gov/ru/uzbekistan/news/boosting-foreign-investment-uzbekistan> (дата обращения: 10 февраля 2025 г.).

36. Внешний долг Казахстана вырос: каким странам нужно вернуть миллиарды. Доступно по ссылке: <https://lsm.kz/vneshnij-dolg-kazahstana> (дата обращения: 10 февраля 2025 г.).

37. Каждый третий казахстанец живет в долг до зарплаты – исследование. Доступно по ссылке: <https://lsm.kz/indeks-fingramotnosti-kazahstancev--arrfr> (дата обращения: 10 февраля 2025 г.).

М. Ендібай, Б. Абжаппарова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Ближний Восток и Центральная Азия глобальных тенденций влияние на страны региона

Аннотация. В статье рассматривается негативное влияние глобальных трендов, охвативших мир, на страны Ближнего Востока и Центральной Азии и вопрос обеспечения безопасности от угроз. В настоящее время анализируется влияние на Ближний Восток и Центральную Азию проблем экономического кризиса, инфляция, безработица, отток инвестиций, напряженность между Россией и Украиной, рост конфликтных точек в регионах, конфликт между акторами и др. Пассивные угрозы, известные сегодня на Ближнем Востоке и в Центральной Азии и которые в будущем могут омрачить его ареал, также станут ядром статьи и будут подвергнуты серьезному анализу.

В последнее время рассматривается еще большее обострение ситуации между Израилем и Палестиной, а также активизация и усиление израильской военной операции в Секторе Газа, на который смотрит мир, обострение отношений между сторонами.

Также анализируется влияние внешних акторов на региональные тенденции в странах Ближнего Востока и Центральной Азии.

Ключевые слова: Ближний Восток, Центральная Азия, глобальные тренды, региональные тенденции, терроризм.

M. Yendibay, B. Abzhapparova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Middle East and Central Asia Global Trends Impact on the Countries of the Region

Abstract. The article examines the negative impact of global trends that have engulfed the world on the countries of the Middle East and Central Asia and the issue of ensuring security from threats. Currently, the impact on the Middle East and Central Asia of the problems of the economic crisis, inflation, unemployment, investment outflow, tension between Russia and Ukraine, the growth of conflict points in the regions, conflict between actors, etc. is being analyzed. Passive threats, known today in the Middle East and Central Asia and which in the future may overshadow its range, will also become the core of the article and will be subjected to serious analysis.

Recently, an even greater aggravation of the situation between Israel and Palestine has been considered, as well as the intensification and strengthening of the Israeli military operation in the Gaza Strip, which the world is watching, and the aggravation of relations between the parties.

The influence of external actors on regional trends in the Middle East and Central Asia is also analyzed.

Keywords: Middle East, Central Asia, global trends, regional trends, terrorism.

References

1. Timofeev I. Novaya anarhiya? Scenarij dinamiki mirovogo poryadka. Dostupno po ssylke: <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/novaya-anarkhiya-stsenarii-dinamiki-mirovogo-poryadka/> (data obrashheniya: 01 fevralya 2025 g.). [in Russian]
2. Rejting stran po urovnyu inflyacii za god. Dostupno po ssylke: <https://take-rofit.org/statistics/inflation-rate/> (data obrashheniya: 01 fevralya 2025 g.). [in Russian]
3. Blinichkina, N.Yu., Hodzhaev, Z.K. Bednost' kak global'nyj fenomen: problema i posledstviya. Dostupno po ssylke: <file:///C:/Users/USER/Downloads/bednost-kak-globalnyy-fenomen-problema-i-posledstviya.pdf> (data obrashheniya: 01 fevralya 2025 g.). [in Russian]
4. Chto prodolzhayushhayasya global'naya neopredelennost' znachit dlya vas. Dostupno po ssylke: <https://www.imf.org/ru/Blogs/Articles/2021/01/19/blog-what-the-continued-global-uncertainty-means-for-you> (data obrashheniya: 02 fevralya 2025 g.). [in Russian]
5. Rossijsko-ukrainskij konflikt: budushchee global'noj bezopasnosti. Dostupno po ssylke: <https://ru.valdaiclub.com/a/highlights/budushchee-globalnoy-bezopasnosti/> (data obrashheniya: 03 fevralya 2025 g.). [in Russian]
6. Goncharenko R. Rossija protiv Ukrainy. Kak delo doshlo do bol'shoj vojny. Dostupno po ssylke: <https://www.dw.com/ru/rossija-i-ukraina-kak-oni-okazalis-na-poroge-bolshoj-vojny/a-60223489> (data obrashheniya: 03 fevralya 2025 g.). [in Russian]
7. Tihonov S. Pochemu rost cen na jelektrichestvo stal ugrozoy dlja Evropy. Dostupno po ssylke: <https://rg.ru/2022/08/21/sorvalis-s-cepi.html> (data obrashheniya: 05 fevralya 2025 g.). [in Russian]
8. Kak malyj i srednij biznes pytaetsja vyzhit' v usloviyah ogranichenij. Dostupno po ssylke: <https://www.vedomosti.ru/management/articles/2022/03/13/913264-predprinimaet-malii-srednij-biznes> (data obrashheniya: 06 fevralya 2025 g.). [in Russian]
9. Bezrobotnyh v mire stanet bol'she na 3 mln chelovek 2023 godu – MOT. Dostupno po ssylke: https://www.inform.kz/ru/bezrobotnyh-v-mire-stanet-bol-she-na-3-mln-chelovek-v-2023-godu-mot_a4031860?ysclid=lsoicfw1rd801299627 (data obrashheniya: 06 fevralya 2025 g.). [in Russian]
10. Markelov R. O chem govorit vysokij ottok kapitala iz Rossii. Dostupno po ssylke: <https://rg.ru/2022/01/25/o-chem-govorit-vysokij-ottok-kapitala-iz-rossii.html> (data obrashheniya: 01 fevralya 2025 g.). [in Russian]
11. Inflyaciya po stranam - maj, 2023 g. Dostupno po ssylke: <https://economy.kz/ru/Mnenija/id=193> (data obrashheniya: 01 yanvarya 2025 g.). [in Russian]
12. Wike, R., Fetterolf, J. Pew Research Center. Available via the link: <https://www.pewresearch.org/global/2024/06/18/satisfaction-with-democracy-has-declined-in-recent-years-in-high-income-nations/> (Accessed: 08 February 2025).
13. Indiya mechtaet stat' glavnoj siloj mirovoj jekonomiki. Kak konflikt Kitaya i SShA pomozhet ej v jetom? Dostupno po ssylke: <https://lenta.ru/articles/2023/05/22/ind/> (data obrashheniya: 08 fevralya 2025 g.). [in Russian]

14. Kupriyanov, A. Indiya i Kitaj: igra s nulevoj summoj. Dostupno po ssylke: https://www.imemo.ru/index.php?page_id=1248&file=https://www.imemo.ru/files/File/magazines/meimo/06_2020/14-KUPIYANOV.pdf (data obrashheniya: 08 fevralya 2025 g.). [in Russian]
15. Opros: v mire preobladaet negativnyj vzgljad na Rossiyu i Putina. Dostupno po ssylke: <https://www.svoboda.org/a/29643026.html> (data obrashheniya: 08 fevralya 2025 g.). [in Russian]
16. Advocacy Group Urges Biden to Strengthen US Role on Human Rights. Available via the link: https://www.voanews.com/a/usa_advocacy-group-urges-biden-strengthen-us-role-human-rights/6200696.html (Accessed: 08 February 2025).
17. Posol Kitaya v ES zayavil, chto Pekin ne priznaet Krym i Donbass rossijskimi, a zayavleniya o «bezgranichnoj družbe» s Moskvoj – ritorika. Dostupno po ssylke: <https://www.currenttime.tv/a/kitay-rossiya-ukraina/32350757.html> (data obrashheniya: 08 fevralya 2025 g.). [in Russian]
18. Politika bor'by s terrorizmom Blizhnom Vostoke i v Severnoj Afrike? Poziciya regiona. Fevral' 2022. Dostupno po ssylke: <https://international-review.icrc.org/ru/articles/counterterrorism-policies-in-the-middle-east-and-north-africa-916> (data obrashheniya: 08 fevralya 2025 g.). [in Russian]
19. The Russia-Ukraine War: Impacts on Regional and International Security. Available via the link: https://www.cebri.org/revista/en/artigo/47/the-russia-ukraine-war-impacts-on-regional-and-international-security?utm_medium=organic&utm_source=yandexsmartcamera (Accessed: 10 February 2025). [in Russian]
20. Syria and Libya: Two paths to freedom. Available via the link: https://www.bbc.com/russian/international/2012/03/120316_libya_syria_analysis (Accessed: 10 February 2025).
21. Bouman, T., Steg, L., Dietz, T. (2024) Climatic Change. Available via the link: <https://link.springer.com/article/10.1007/s10584-024-03598-6> (Accessed: 10 February 2025).
22. In Iraq, the Kurds Are Their Own Worst Enemy. Available via the link: <https://www.washingtoninstitute.org/policy-analysis/iraq-kurds-are-their-own-worst-enemy> (Accessed: 07 February 2025).
23. Poslevoennoe ustrojstvo Gazy: SShA i Izrail' razoshlis' vo mnenijah. Dostupno po ssylke: <https://ru.euronews.com/2024/01/19/israel-hamas-update> (data obrashheniya: 08 fevralya 2025 g.). [in Russian]
24. Kyrgyz-tazhik kaktygysy: Bishkek 59, Dushanbe 32 adamy olgenin habarlady. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://www.azattyq.org/a/32040419.html> (karalghan kyni: 11 akpan 2024 zh.). [in Kazakh]
25. Trends shaping the future: Arising Asia. Available via the link: <https://www.juliusbaer.com/en/insights/future-insights/arising-asia/trends-shaping-the-future-arising-asia/> (Accessed: 07 February 2025).
26. 2023 - god bol'shogo uspeha v jeksporte tureckoj oboronnoj promyshlennosti. Dostupno po ssylke: <https://www.yenisafak.com/ru/technology/15550> (data obrashheniya: 08 fevralya 2025 g.). [in Russian]
27. Zvyagel'skaja, I. (2019) Blizhnij Vostok i Central'naya Aziya. Global'nye trendy regional'nom ispolnenii. Moskva: «Aspekt Press», s. 224. [in Russian]
28. Strany i regiony mira v mirovoj politike (2021). Moskva: «Aspekt Press», s. 368.
29. Mihajlenko, E.B. (2021) Regionalistika. Klassicheskie i sovremennnye podhody. Moskva: Izdatel'stvo Yurajt, s. 116. [in Russian]
30. Konservativizm v Uzbekistane, trend «valit' iz strany». Dostupno po ssylke: <https://kun.uz/ru/news/2021/04/27/konservativizm-v-uzbekistane-trend-valit-iz-strany-i-potrebnoost-v-intellektualnyx-sentrax-beseda-s-firuzom-allayevym> (data obrashheniya: 08 fevralya 2025 g.). [in Russian]

31. Ukaz Prezidenta Respubliki Uzbekistan «O Strategii razvitija Novogo Uzbekistan na 2022-2026 gody. Dostupno po ssylke: <https://lex.uz/ru/docs/5841077> (data obrashheniya: 10 fevralya 2025 g.). [in Russian]
32. Aprel'skaya narodnaya revolyuciya: uroki istorii i vzglyad budushhee Kyrgyzstana (2011). Bishkek: Biyiktik, s. 172. [in Russian]
33. Politika izolyacionizma i nejtraliteta. Dostupno po ssylke: https://diphis.ru/politika_izolyacionizma_i_nejtraliteta-a683.html (data obrashheniya: 08 fevralya 2025 g.). [in Russian]
34. Ipsos. (2024). Earth for All 2024 saualnamasy: Sayasi zhane jekonomikalyk ozgeristerge degen katynas bojnsha G20+ elderindegi zhahandyk bajandama. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://earth4all.life/news/global-public-pulse-earth4all-survey-2024/> (karalghan kyni: 11 akpan 2024 zh.). [in Kazakh]
35. Uvelichenie inostrannyh investicij v Uzbekistane. Dostupno po ssylke: <https://www.usaid.gov/ru/uzbekistan/news/boosting-foreign-investment-uzbekistan> (data obrashheniya: 10 fevralya 2025 g.). [in Russian]
36. Vneshnij dolg Kazahstana vyros: kakim stranam nuzhno vernut' milliardy. Dostupno po ssylke: <https://ism.kz/vneshnij-dolg-kazahstana> (data obrashheniya: 10 fevralya 2025 g.). [in Russian]
37. Kazhdyj tretij kazahstanec zhiwet v dolg do zarplaty – issledovanie. Dostupno po ssylke: <https://ism.kz/indeks-fingramotnosti-kazahstancev--arrfr> (data obrashheniya: 10 fevralya 2025 g.). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Ендібай М. – хат-хабарға жауапты автор, PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Абжаппарова Б. – тарих ғылымдарының докторы, Шығыстану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ендібай М. – автор для корреспонденции, PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Абжаппарова Б. – доктор исторических наук, профессор кафедры востоковедения, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Endibay M. – Corresponding author, PhD doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Abzhapparova B. – Doctor of Historical Sciences, Professor, Department of Oriental Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).